

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің м.а. 2021 жылғы 22 шілдедегі № 475 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 шілдеде № 23665 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 1122 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қорғаныс министрінің 25.11.2022 № 1122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі туралы ереже 21-тармағының 19-70) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

*Қорғаныс министрінің міндетін уақытша атқарушы
генерал-лейтенант*

М. Бектанов

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету сүңгуірлік түсулерді жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, сүңгуірлік түсулерді жүргізу кезінде медициналық қамтамасыз етуді және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сүңгуірлік-біліктілік комиссиясының жұмыс режимін қамтиды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) барокамера – онда адамдарды орналастыруға және газды ортаның жоғары қысымында болуға арналған берік, герметикалық сыйымдылық;

2) жауынгерлік жүзгіштер – қарсыластың диверсиялық әрекетінен өз корабльдері мен жағалау құрылыстарын қорғау жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындау, су ауданын қорғау жөніндегі шаралар кешенінде оның қорғаудағы айлаққа кіруін болдырмау үшін тартылатын әскери сүңгуірлер;

3) жұмыс мақсатындағы сүңгуірлік түсу – жұмыстарды немесе міндеттерді орындау мақсатында су астына түсу;

4) қамтамасыз етуші сүңгуір – барлық түсу кезеңінде жұмыс істеудегі сүңгуірге тікелей қызмет көрсететін сүңгуір. Түсу кезеңінде жұмыс істеудегі сүңгуірдің сигнал жібін (кабель-сигналын) және сүңгуір шлангысын босатады немесе жинайды, сүңгуірдің су астында болатын орнын бақылайды;

5) қауіпсіздік деңгейі – бұл су ортасы факторларының, сүңгуірлердің басқа да еңбек факторларының қолайсыз әсерінен сүңгуірдің қауіпсіздігінің көрсеткіші. Қауіпсіздік деңгейі сүңгуірлердің біліктілігіне, тәжірибесіне, пайдаланылатын сүңгуірлік керек-жарағына, тереңдіктің гидрометеожағдайларына және сүңгуірлік түсу түріне және басқа да факторларға байланысты айқындалады. Қауіпсіздік деңгейін сүңгуірлік жұмыстардың басшысы таңдайды;

6) оқу-жаттығу жауынгерлік сүңгуірлік түсу – оқу-жаттығу жауынгерлік міндетті орындау мақсатында түсу;

7) оқу-жаттығу сүңгуірлік түсу – сүңгуір біліктілігін алу үшін оқу даярлығы немесе қайта даярлау бағдарламалары бойынша сүңгуірлерді оқыту немесе қайта даярлау уақытындағы түсу;

8) сақтандырушы сүңгуір – жұмыс істеудегі сүңгуірдің түсуге әзір болатын түсетін жерінде болатын және авариялық сүңгуірге көмек көрсететін сүңгуір. Түсу кезеңінде жұмыс істеудегі сүңгуірмен сөйлесу байланысын қамтамасыз етеді және оған ауа жіберуді реттейді;

9) сүңгуір біліктілігі – сүңгуірдің суға түсу және су астында жұмыс істеуі үшін даярлық деңгейі;

10) сүңгуірлік жаттықтыру түсуі – сүңгуірдің біліктілігін ұстау, оның организмін физиологиялық жаттықтыру, медициналық көмек көрсету, қосымша мамандық бойынша дағдыларды немесе жұмыс тәжірибесін меңгеру бойынша жаттықтыру мақсатында су астына немесе барокамерада түсу;

11) сүңгуірлік жауынгерлік түсу – жауынгерлік міндетті орындау мақсатында түсу;

12) сүңгуірлік жұмыстар журналы – сүңгуірлер орындайтын су астына түсулерді және ондағы жұмыстарды тіркеуге арналған құжат. Журналдағы жазбалар орындалған сүңгуірлік жұмыстарды есепке алу және сүңгуірдің жеке кітапшаларын толтыру үшін арналады;

13) сүңгуір – сүңгуірлік жаракта су астындағы жұмыстарды орындай алатын және сүңгуір түсуін жүргізуге жіберілген маман. Сүңгуір мамандығы ерекше зиянды және өте ауыр еңбек жағдайлары бар мамандықтар қатарына жатады;

14) сүңгуір керек-жарағы – қоршаған су және газды ортадағы қысымда оның тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін сүңгуір киетін және оған бекітілетін құрылғылар мен бұйымдар жиынтығы. Сүңгуірдің керек-жарағы сүңгуір техникасының құрамдас бөлігі болып табылады;

15) сүңгуір кешені – берілген тереңдікте сүңгуірлік жұмыстарды қамтамасыз ету үшін конструктивті тұрғыдан біріктірілген сүңгуір техникасының жиынтығы;

16) сүңгуір кітапшасы – сүңгуірдің іс жүзіндегі қызметін, оны мамандығы бойынша даярлауды және қайта даярлауды, біліктілігін, белгіленген су түбіне түсу тереңдігін, орындалатын сүңгуірлік жұмыстардың сипатын, сағат санын және басқа да қосымша мәліметтерді көрсететін құжат;

17) сүңгуірдің медициналық кітапшасы – сүңгуірдің денсаулық жағдайын көрсететін құжат;

18) сүңгуір мүлкі – сүңгуірлік түсулерді жүргізу және сүңгуір техникасын қолдануға берілген әзірлікте ұстау үшін сүңгуір техникасы бұйымдарының, өлшеу аспаптары мен шығыс материалдарының жинақталған атауы;

19) сүңгуірлік түсу – сүңгуірдің су астына түсуін (ішінде сүңгуірлер болғанда барокамерада газдалған ортаның қысымын жоғарылату процесі), сүңгуірдің

берілген тереңдікте болуы (барокамерада газдалған ортаның берілген қысымында), декомпрессия режимі бойынша немесе онсыз жоғарыға көтерілуін немесе қалыпты ауа жағдайына ауысуды қамтамасыз ететін процесс;

20) сүңгуірдің түсу уақыты – аппаратқа қосылған сәттен, камерадағы қысым жоғарылағаннан бастап аппараттан сөндіргенге дейін, камерадағы қысымды атмосфералыққа дейін төмендетуге дейін есептелетін уақыт;

21) сүңгуірлік түсуге қызмет көрсету – сүңгуірдің суға түсуін, тереңдікте болуын және онда жұмыс істеуін, оны тереңдіктен көтеруді және суда немесе үстіңгі бетте барокамерада декомпрессиялауды қамтамасыз етумен байланысты жұмыстар;

22) сүңгуірлік түсулер жетекшісі – сүңгуірлік біліктілік комиссиясынан білімін тексеруден өткен және мекеме басшысының бұйрығымен сүңгуірлік түсулерге жетекшілік етуге жіберілген адам. Сүңгуірлік түсулер жетекшісі сүңгуірлік түсуге тікелей басшылық жасауды және сүңгуірлердің, сүңгуірлік түсуге қызмет көрсетуге қатысатын көмекші персоналдың әрекетін бақылауды жүзеге асырады;

23) сүңгуірлік түсу командирі – сүңгуірлік біліктілігі бар және мекеме басшысының бұйрығымен сүңгуірлік түсулерге жетекшілік етуге жіберілген адам. Сүңгуірлік түсулер командирі сүңгуірлік түсуге тікелей басшылық жасауды және сүңгуірлік түсуде қызмет көрсетуге қатысатын сүңгуірлердің және көмекші персоналдың әрекетін қадағалауды жүзеге асырады;

24) сүңгуірлік түсулер мен жұмыстарды қамтамасыз ету құралдары – сүңгуірдің су түбіне түсуін (судан шығуын), тереңдікте болуын және онда жұмыс істеуін, тереңдіктен көтерілуін және суда немесе үстіңгі бетте декомпрессияны қамтамасыз ететін сүңгуір техникасының құрамдас бөлігі;

25) сүңгуірлердің суасты қозғалу құралдары (СҚК) – өздігінен жүретін және сүйретілетін герметикалық емес аппараттар, сондай-ақ сүңгуірдің (сүңгуірлердің) су астында орын ауыстыруы үшін арналған сүйреткіштер.

4. Сүңгуірлік түсу тереңдік бойынша мынадай болып бөлінеді:

- 1) шағын тереңдікке – 20 м дейін;
- 2) орташа тереңдікке – 20 м-ден 60 м-ге дейін;
- 3) терең суға – 60 м астам тереңдікке дейін.

5. Сүңгуірлік түсу мақсаты бойынша мынадай болып бөлінеді:

- 1) жұмыс мақсатында түсу;
- 2) оқу-жаттығу;
- 3) жаттықтыру;
- 4) оқу-жаттығу жауынгерлік;
- 5) жауынгерлік.

6. Сүңгуірлердің электр тогымен зақымдануына қауіпті жерлерде сүңгуірлік түсулер жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларынан кернеуді толық алған кезде жүргізіледі.

7. Инфекциялық және тері ауруларының алдын алу үшін ластанған суға сүңгуірлер оларды сыртқы ортадан толық оқшаулайтын керек-жарақта түседі.

8. Болат арқандармен жұмыс істеген кезде сүңгуір қосымша арнайы қолғап немесе биялай киеді.

9. Жыл сайын сүңгуірлерде мыналар жүргізіледі:

1) осы Қағидалар бойынша білімін тексеру;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және Әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге сәйкес (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 21869 болып тіркелген) әскери-дәрігерлік комиссияның (бұдан әрі – ӘДК) сүңгуірлерді медициналық куәландыруы;

3) сүңгуірлік-біліктілік комиссиясының (бұдан әрі – СБК) жұмыс тәртібіне сәйкес су астына түсуге рұқсат.

10. Оған ӘДК-мен және СБК-мен айқындалған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сүңгуір ктапшасында және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сүңгуірдің медициналық кітапшасында белгілегеннен астам тереңдікке сүңгуірді түсіруге рұқсат етілмейді.

2-тарау. Сүңгуірлік түсулерді жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Сүңгуірлік түсулерге дайындық

11. Сүңгуірлік түсулерге дайындық сүңгуірлік түсулерді қамтамасыз ететін керек-жарақтар мен құралдарды дайындауды, сүңгуірлер арасында міндеттерді бөлуді, сүңгуірге нұсқау беруді, сүңгуірлік түсулерді қамтамасыз ететін керек-жарақтар мен құралдардың жұмыс күйін тексеруді, сүңгуірді киіндіруді, ӘДК-дан және СБК-дан өтуді қамтиды.

12. Сүңгуірлердің біліктілігіне және оларды су астына түсуге жіберуге, сүңгуірлік түсулерді қамтамасыз етуге жіберуге байланысты мәселелерді шешу, түсулерге басшылық жасау және оларды медициналық қамтамасыз ету үшін сүңгуір жұмыстары орындалатын, сүңгуірлерді үйрету және қайта даярлау жүргізілетін мекеме басшысының бұйрығымен СБК құрылады.

13. Сүңгуірлік-біліктілік комиссиясы жыл сайын мекеме басшысының бұйрығымен бес адамнан кем емес құрамда тағайындалады:

1) комиссия төрағасы – мекеменің бас сүңгуір маманы (жоғары штаттық сүңгуір лауазымында тұрған адам);

2) комиссия мүшелері – анағұрлым даярланған сүңгуірлер (2-сыныпты сүңгуірден төмен емес), "сүңгуірлік медицина" курсы бойынша оқытудан өткен штаттық дәрігерлер.

Сүңгуірде сүңгуірдің кітапшасы болмаған жағдайда СБК төрағасының қолы қойылған және комиссия құрылған мекеменің мөрі басылған бастапқы білім деректерін енгізе отырып сүңгуірдің кітапшасын береді.

14. СБК Қазақстан Республикасында және шетелде сүңгуір мектебін, курстарын немесе өзге де ұйымдарды бітірген сүңгуірлерді сүңгуірлік даярлауды инспекциялауды, қарауды және қайта мамандандыруды жүргізетін адамдарға рұқсат беруді жүзеге асырады. Өткен оқу бағдарламасының, теориялық білім мен практикалық тәжірибенің негізінде әскери қызметшілерді қайта біліктілендіреді:

1) негізгі біліктілік:

3-сыныпты сүңгуір;

2-сыныпты сүңгуір;

1-сыныпты сүңгуір;

1-сыныпты сүңгуір-шебер.

2) қосымша біліктілік:

сүңгуір-дәнекерлеуші (кесуші);

сүңгуір-жарушы;

барокамераның операторы.

15. Сүңгуірлер берілген біліктілікті олар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес су астында болу (түсу) сағаттарының жылдық нормаларын орындаған кезде ғана сақтайды.

16. Сақтандырушы сүңгуірді түсіруді қамтамасыз ету үшін су астында жұмыс істеудегі сүңгуір орындайтын жұмыс жағдайлары мен сипатына сәйкес келетін сүңгуір керек-жарағының екінші жинынтығы болуы керек.

17. Су астына түсер алдында сүңгуірлік түсулерді қамтамасыз ететін сүңгуір керек-жарақтары мен құралдарының, сондай-ақ оттегі декомпрессиясы үшін тыныс алу аппараттарының жұмыс күйіне тексеру жүргізіледі.

18. Сүңгуір керек-жарағын тексеру уақытында түсулерді қамтамасыз ететін құралдар, баллондарда сығылған ауаның болуы дайындалады және тексеріледі.

19. Станция бастығы декомпрессиялық камераларды тексеруді тәулігіне бір рет бірінші сүңгуірді түсіру алдында жүргізеді. Бұл ретте баллондарда сығылған ауа қорының болуы, магистральдардың және магистральдар мен камерадағы қақпақтардың герметикалығы, кіру люктері мен шлюздер қақпақтарындағы резеңке нығыздағыштардың жай-күйі тексеріледі (люктер қақпақтарын ішінен ауамен қысу камерада қысым 0,02 мега паскальға (0,2 килограмм күш\шаршы

сантиметр) тең болған кезде болады), сондай-ақ камералар бөліктеріндегі манометрлердің ақаусыздығы тексеріледі (нұсқардың орналасуы, жарамдылық мерзімі, пломбаның болуы), телефон құрылғысының, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін жарық беру мен жылытудың жұмыс істеуі, камералар бөліктерінің керек-жарақтармен және айла-бұйымдармен жабдықталуы тексеріледі. Тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сүңгуірлік жұмыстар журналына енгізіледі.

20. Сүңгуір су астында түскен орнынан алыс қашықтықта жеңіл сүңгуір керек-жарағымен жүзген кезде сүңгуірдің болатын орнын көрсету үшін қалқуы кемінде 50 ньютон (5 күш килограмм) қалтқысы бар бақылау жібін қолдануға жол беріледі. 15 метрге дейінгі тереңдікте бақылау жібімен жүзуге жол беріледі және ескекшілер бар шлюпкамен және сақтандырушы сүңгуірмен қамтамасыз етіледі.

21. Желдетілетін сүңгуір керек-жарағы сүңгуірге мынадай тәртіппен киіледі:

1) сүңгуір іш киімі немесе жұмыс костюмі, сүңгуір жейдесі сигнал жібіне (кабель-сигналға) бекітіледі;

2) сүңгуір галошы (қолғап байланады), манишка;

3) жүктер;

4) төменгі брас бекітіледі, сүңгуір пышағы бекітіледі және сүңгуір дулығасы киіледі.

22. Желдетілетін сүңгуір керек-жарағында сүңгуірді түсіру кезінде мынадай талаптар сақталады:

1) сүңгуір іш киімін немесе жұмыс костюмін кию іш киімде қатпарлар болмаған кезде жүзеге асырылады;

2) төменгі брас ты тартуды реттеу киінетін сүңгуірдің нұсқауы бойынша жүргізіледі;

3) сүңгуір дулығасын киер алдында сүңгуірдің дулығасын, жейдесінің ернемегі мен жағасын дезинфекциялау жүзеге асырылады.

23. Шланг типіндегі жеңіл сүңгуір керек-жарағын кию кезінде ауа шлангысы тыныс алу аппаратының конструкциясында көзделген жерге бекітіледі.

24. Жеңіл сүңгуір керек-жарағында суға түсу алдында сүңгуір суда демін шығарып, тыныс алып тұрып аппаратты қосады және 1-2 минут ішінде сүңгуір тыныс алу аппаратының тыныс алу автоматынан ауаның берілуін тексереді.

25. Қамтамасыз етуші сүңгуір сүңгуірді сүңгуір керек-жарағының кез келген типіне киіндіріп болған соң, түсу жетекшісіне сүңгуірдің әзір екені туралы баяндайды және түсіруге рұқсат алады.

2-параграф. Сүңгуірлік түсулерді жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету

26. Сүңгуірлік түсулер қауіпсіздігі деңгейлерінің түрлері:

1) сүңгуірлік түсулердің оқу-жаттығу деңгейі – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес оқу-жаттығу және экспериментальдық сүңгуірлік түсулерді жүргізу кезінде (оның ішінде, жаңа аппараттарда, сүңгуір керек-жарағы мен жабдығында жұмыс істеуге үйрету кезінде), жаңадан келген сүңгуірлерді үйрету кезінде; түсулер арасында ұзақ үзілістер (6 айдан астам) болған кезде; жетекші мен түсетін сүңгуірлердің алғашқы бірлесіп түсулері кезінде; жаңа жабдық пен керек-жарақты сынау кезінде қолданылады;

2) сүңгуірлік түсулерге жаттықтыру деңгейі – осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес алғашқы үйретуден өткен сүңгуірлердің жаттықтыру түсулерін жүргізу кезінде; сүңгуірлерді анағұрлым жоғары біліктілікке ұсынуға дайындау кезінде қолданылады;

3) сүңгуірлік түсулердің жұмыс деңгейі – осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес сүңгуір жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылады;

4) сүңгуірлік түсулердің оқу-жаттығу жауынгерлік деңгейі – осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес оқу-жаттығу жауынгерлік жаттығуларды, оқу-жаттығуларды өткізу кезінде қолданылады;

5) сүңгуірлік түсулердің жауынгерлік деңгейі – осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде; адам өмірін сақтаумен байланысты жағдайларда қолданылады.

27. Қауіпсіздік деңгейлерін таңдаған кезде міндетті түрде сүңгуір бекеті өрістетіледі.

Сүңгуір бекеті:

- 1) түсу орнын (сүңгуір трапын);
- 2) қамтамасыз ету құралдарын;
- 3) сүңгуір керек-жарағының шағын жиынтығын;
- 4) қауіпсіздік деңгейімен айқындалған қамтамасыз ететін адамдардың санын және олардың орналасқан жерін;
- 5) жылыту пунктін (жылдың суық мезгілінде);
- 6) су мен ауа температурасын, тереңдікті өлшейтін құралды қамтиды.

28. Сүңгуірлік түсулер алдында әскери бөлім командирі сүңгуірлік түсулерді (жұмыстарды) жүргізу туралы бұйрық шығарады. Бұйрықта сүңгуірлік жұмыстар жетекшісі, түсулер командирлері, медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын лауазымды адам, кезекші барокамера тағайындалады, сондай-ақ сүңгуірлік түсулер уақыты, орны мен мақсаттары айқындалады.

Әрбір сүңгуірлік түсуге бұйрық негізінде сүңгуірлік жұмыстар жетекшісі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша технологиялық түсу картасын әзірлейді. Сүңгуірлік түсулер мен жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық карталарды әзірлеу кезінде түсу және оны жүргізу тәсіліне байланысты сүңгуірлік жұмыстардың әрбір түріне қауіпсіздік талаптары

көзделеді. Технологиялық карталарды әзірлеуге қатысуға сүңгуірлік түсулер жетекшілері, медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдар, түсетін сүңгуірлер тартылады.

29. Сүңгуір техникасының барлық байқалған ақаулары туралы, сондай-ақ барлық бұзылған қауіпсіздік бойынша талаптар туралы әрбір сүңгуір және түсуге қызмет көрсететін лауазымды адамдар сүңгуірлік жұмыстар жетекшісіне, ал сүңгуірлік түсу кезінде сүңгуірлік түсу жетекшісіне дереу хабарлайды.

30. Сүңгуір керек-жарағы мен жабдығының негізгі құрамдастарына типтік техникалық қызмет көрсету осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

3-тарау. Сүңгуірлік түсулер кезінде медициналық қамтамасыз ету тәртібі

31. Сүңгуірлік түсулер арасындағы кезеңде сүңгуірлік түсулер мен сүңгуірлерді медициналық қамтамасыз ету "сүңгуірлік медицина" курсы бойынша оқытудан өткен штаттық дәрігерлерге жүктеледі. Олар болмаған кезде мекеме басшының бұйрығымен басқа маман дәрігерге (фельдшерге, мейіргерге) жүктеледі. 20 метрге дейінгі сүңгуірлік түсулерді медициналық қамтамасыз ету негізгі сүңгуір біліктілігі бар мамандарға жүктеледі (1-сыныпты сүңгуір-шебер, 1-сыныпты сүңгуір, 2-сыныпты сүңгуір). Негізгі сүңгуір біліктілігі бар мамандар болмаған кезде сүңгуірлік түсулерді медициналық қамтамасыз ету "1-сыныпты сүңгуір-шебер" біліктілігі бар лауазымды адамға жүктеледі. Эксперименттік сүңгуірлік түсулерді медициналық қамтамасыз ету тек "сүңгуірлік медицина" курсы бойынша оқытудан өткен штаттық дәрігерлерге жүктеледі.

32. 31-тармақта көрсетілген барлық лауазымды адамдар жыл сайын сүңгуірлік түсулерді медициналық қамтамасыз етуге рұқсат алу үшін сынақ тапсырады. Жіберу кезінде қамтамасыз ету тереңдігі (шағын тереңдікке – 20 м дейін, орташа тереңдікке – 20 м-ден 60 м-ге дейін, терең суға – 60 м астам тереңдікке дейін), пайдаланылатын сүңгуір керек-жарағының типі мен түсулер түрі көрсетіледі.

33. Сүңгуірлік түсулерді медициналық қамтамасыз етуге тартылатын лауазымды адамдар білімі, дағдысы деңгейі және денсаулық жағдайы бойынша 1 мега паскальға дейінгі қысыммен сүңгуір барокамераларында (10 килограмм күш /шаршы сантиметр) медициналық көмек көрсетуге дайын.

4-тарау. Сүңгуірлік-біліктілік комиссиясы жұмысының тәртібі

34. Сүңгуірлік-біліктілік комиссиясы жүзеге асырады:

1) оларға біліктілік беру үшін теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тексеруді;

2) талаптарға сәйкес берілген біліктілікті растау үшін су астындағы жұмыс сағаттарының міндетті жыл сайынғы нормаларының орындалуын тексеруді;

3) берілген біліктіліктерді төмендету, айыру және қалпына келтіру;

4) сұңгуірлік біліктіліктері бар, сұңгуірлік түсулер мен жұмыстарға басшылық етуді, қолбасшылықты және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдардың талаптарға сәйкес оларға рұқсат беру тұрғысынан білімін жыл сайын тексеруді қамтиды.

35. Сұңгуірлік-біліктілік комиссиясының сұңгуірлік біліктілікті беру, одан айыру, төмендету және қалпына келтіру туралы шешімдері өткізілген емтихандар және әскери қызметшілерге ұсынылған құжаттарды қарау негізінде қабылданады.

Шешім қабылдау кезінде мынадай құжаттар қаралады:

1) денсаулық жағдайы бойынша түсулердің рұқсат етілген тереңдігін көрсете отырып, сұңгуірлік түсулерге рұқсат беру туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;

2) қызметтік мінездеме;

3) қызметтік тізім;

4) үлгерім табелі (бастапқы немесе кейінгі оқудан өткендер үшін);

5) сипаттайтын материалдарды ұсыну (біліктілігінен айыру немесе оны қалпына келтіру туралы мәселені шешу кезінде);

6) сұңгуірдің жеке кітапшасы;

7) дипломдар, сертификаттар және арнайы сұңгуірлік даярлықтан өткені туралы куәліктер (бар болса).

36. Емтихан нәтижелері мен ДКК қабылдаған шешімдер ДКК құрылған мекеме басшысы бекітетін хаттамамен ресімделеді.

37. Хаттама 2 данада жасалады, оның біреуі мекеменің іс жүргізу бөлімшесінің ісінде сақталады, екінші данасы немесе одан үзінді көшірме әскери қызметшінің жеке ісіне тігіледі.

38. Тиісті ДКК шешімдері ДКК хаттамасының негізінде шығарылатын сұңгуірлердің қызмет орны бойынша мекеме басшысының бұйрығымен жарияланады.

39. ДКК шешімі жаңа деректер пайда болған кезде қайта қаралады.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде сұңгуірлік
түсулерді ұйымдастыру және
қамтамасыз ету қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік мекеменің атауы Мемлекеттік елтаңба
СҰҢГУІР КІТАПШАСЫ № _____

Тегі _____

Аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) _____

Берілген күні 20__жылғы " ____ " _____

1. Тегі _____

2. Аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) _____

3. Туған жылы _____ айы _____ күні _____

4. Білімі _____

(жоғары, арнайы орта, жалпы орта, неше сынып бітірді)

5. Сұңгуір біліктілігін алғанға дейінгі мамандығы _____

6. Сұңгуірлік мектепті (курсты) аяқтаған күні және атауы _____

7. Белгіленген бастапқы түсу тереңдігі, м _____

Фотосурет Бастық _____

орны (мектептің, курстың атауы)

(колы)

М.О.

Арнайы оқытудан өту

20__жылғы " ____ " _____ бастап 20__жылғы " ____ " _____

_____дейін мынадай үлгерім бағаларымен оқытудан өтті

1) _____ " ____ " _____

2) _____ " ____ " _____

3) _____ " ____ " _____

4) _____ " ____ " _____

5) _____ " ____ " _____

6) _____ " ____ " _____

7) _____ " ____ " _____

_____ метр тереңдікке дейін су астында _____ сағат
болып (түсіп) іс жүзінде су түбіне түсу нормасын орындады.

Сұңгуірлік біліктілік комиссиясы хаттамасы негізінде _____

— (комиссияның атауы)

_____ бастығының

(мектеп, курс атауы)

20__жылғы " ____ " _____ № _____

бұйрығымен

20__жылғы " ____ " _____ № _____ біліктілігі берілді.

Бастық _____

(мектеп, курс бастығының қолы)

М.О.

Қосымша мамандықтар бойынша оқытудан өту

1. 20__ жылғы " ____ " _____ бастап 20__ жылғы " ____ " _____

жанындағы

(ұйымның атауы)

жару ісі курстарын мынадай үлгерім бағаларымен аяқтады:

- | | | |
|----------|---------|---------|
| 1) _____ | " _____ | " _____ |
| 2) _____ | " _____ | " _____ |
| 3) _____ | " _____ | " _____ |
| 4) _____ | " _____ | " _____ |
| 5) _____ | " _____ | " _____ |
| 6) _____ | " _____ | " _____ |

_____ метр тереңдікке дейін су астында _____ сағат болып (түсіп) іс жүзінде су түбіне түсу нормасын орындады.

Сүңгуірлік біліктілік комиссиясы хаттамасы негізінде _____

(комиссия атауы)

_____ бастығының

(мектеп, курс атауы)

20__ жылғы " ____ " _____ № _____ бұйрығымен

20__ жылғы " ____ " _____ № _____ біліктілігі берілді.

Бастық _____

(мектеп, курс бастығының қолы)

М.О.

2. 20__ жылғы " ____ " _____ бастап 20__ жылғы " ____ " _____

жанындағы (ұйымның атауы)

су астында металл дәнекерлеу және кесу бойынша курстарды мынадай үлгерім бағаларымен аяқтады:

- | | | |
|----------|---------|---------|
| 1) _____ | " _____ | " _____ |
| 2) _____ | " _____ | " _____ |
| 3) _____ | " _____ | " _____ |

- 4) _____ " _____ "
- 5) _____ " _____ "
- 6) _____ " _____ "

_____ метр тереңдікке дейін су астында _____
сағат болып (түсіп) іс жүзінде су түбіне түсу нормасын орындады.

Сұңгуірлік біліктілік комиссиясы хаттамасы негізінде _____

_____ (комиссия атауы)

_____ бастығының (мектеп, курс атауы)

20 __ жылғы " ____ " _____ № _____ бұйрығымен

20 __ жылғы " ____ " _____ № _____ біліктілігі берілді

Бастық _____

(мектеп, курс бастығының қолы)

М.О.

3. 20 __ жылғы " ____ " _____ бастап 20 __ жылғы " ____ " _____
_____ курсын

(курс атауы)

мынадай үлгерім бағаларымен аяқтады:

- 1) _____ " _____ "
- 2) _____ " _____ "
- 3) _____ " _____ "
- 4) _____ " _____ "
- 5) _____ " _____ "

_____ метр тереңдікке дейін су астында _____
сағат болып (түсіп) іс жүзінде су түбіне түсу нормасын орындады.

Сұңгуірлік біліктілік комиссиясы хаттамасы негізінде _____

_____ (комиссия атауы)

_____ бастығының (мектеп, курс атауы)

20 __ жылғы " ____ " _____ № _____ бұйрығымен

20 __ жылғы " ____ " _____ № _____ біліктілігі берілді

Бастық _____

(мектеп, курс бастығының қолы)

М.О.

Белгіленген су түбіне түсу тереңдігі

Жылы	Тереңдігі метрмен (жазумен)	СБК төрағасының қолы
------	-----------------------------	----------------------

Сүңгуір қызметін өткеру

Р/с №	Ұйымның, лауазымның атауы	Күні	Шығару немесе ауысу
		Қабылдау	

Жеке кітапшаны беру сәтіне құжаттармен расталған су астында болу уақыты

Жылы	Су астында болған уақыты, сағат	Құжат атауы, нөмірі және күні
------	---------------------------------	-------------------------------

20 ___ жылғыны қоса алғанда, су астында болған барлық расталған уақыты _____ сағат

(жазумен)

бастық, басшы _____

(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

М.О. _____

(қолы)

бас, аға бухгалтер _____

(қолы)

20 ___ жылы су астында болған уақытын есепке алу

Айлар	Тереңдікте болған уақыты									Сүңгуір маманның қолы (түсуге жауапты адамның)
	10-ға дейін	11- 20	21- 30	31- 40	41- 50	51- 60	100-ге дейін	100-ден жоғары	барлығы	
Қаңтар										
Ақпан										
Наурыз										
Сәуір										
Мамыр										
Маусым										
Шілде										
Тамыз										
Қыркүйек										
Қазан										
Қараша										
Желтоқсан										

Жиыны 20 ___ жылы су астында болған уақыты _____

(жазумен)

бастық, басшы _____

(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

М.О. _____

(қолы)

бас, аға бухгалтер _____

(қолы)

20__ жылғы жұмыс сипаттамасы

1. Сүңгуірлік жұмыстардың түрлері:

1) авариялық-құтқару _____

2) кеме көтеру _____

3) су асты-техникалық _____

4) кеме _____

5) құтқару _____

6) металды кесу және дәнекерлеу _____

7) жару _____

2. Қолданылған сүңгуір керек-жарағы:

1) желдетілетін _____

2) тұйық тыныс алу схемасымен _____

3) ашық тыныс алу схемасымен _____

3. Айрықша белгілері:

Сүңгуір маманы (түсуге жауапты адам) _____

Мамандығы және қауіпсіздік талаптары бойынша білімдерін жыл сайынғы тексеру

Сүңгуірлік жұмыстарды және түсулерді орындау кезінде сүңгуір техникасын және еңбек қауіпсіздігі бойынша басшылыққа алатын нормативтік құжаттар талаптарын білуі бойынша сынақ тапсырды. Су астында жұмыстарды дербес орындауға жіберілді.

(СБК-ның 20__ жылғы "___" _____ № _____ хаттамасы)

СБК төрағасы _____

(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

(қолы)

сүңгуір маман _____

(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

(қолы)

20__ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде сүңгуірлік
түсулерді ұйымдастыру және
қамтамасыз ету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Мемлекеттік мекеменің атауы
Мемлекеттік елтаңба
Сүңгуірдің медициналық кітапшасы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде))

20__ жылғы " ____ " _____

(толтырылған күні)

1. Тегі _____

2. Аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) _____

3. Туған жылы _____ айы _____ күні

4. Білімі _____

(жоғары, арнайы орта, жалпы орта)

5. Отбасылық жағдайы _____

(үйленген, үйленбеген)

6. Жұмыс орны _____

7. Атқаратын лауазымы _____

8. Сүңгуір біліктілігі _____

9. Соңғы тұрғылықты жері _____

Фотосуретке арналған орын

М.О. СБК төрағасы _____

(қолы)

1. Қысқаша анамнез

Ауырған аурулары және операциялары (қандай және қай жаста)

Алкоголь (сирек, жиі, көп, аз тұтынады, төзімділігі)

Темекі (шегеді, бір күнде неше темекі шегеді, шекпейді)

Теңіз ауруына төзімділігі _____

Анамнезіне қосымша ескертулер

Алғашқы және жыл сайынғы медициналық куәландырудағы объективті деректер

P/c №	Көрсеткіш	Күні (күні, айы, жылы)					
		20 _ жыл	20 _ жыл	20 _ жыл	20 _ жыл	20 _ жыл	20 _ жыл
1.	Бойы, сантиметр тұрғанда отырғанда						
2.	Дене салмағы, килограмм						
3.	Кеуде қуысының шеңбері, Тыныштық а, сантиметр барынша демді ішке алған кезде барынша дем шығару кезінде						
4.	Іш шеңбері, сантиметр						
5.	Динамометр и я, килограмм: тұла бойы күші қ о л саусақтары ның күші: оң сол						
6.	Дене бітімі						
7.	Бір минутта дем алу жиілігі						
8.	Өкпенің тыныс алу сыйымдылы ғы, милитр						

_____ 20 __ жылғы " _____ "

_____ Өскери-дәрігерлік комиссияның төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

_____ 20 __ жылы сүңгуірді жыл сайынғы куәландыру деректері

1. Шағымдар

2. Хирургтің қарауы _____

_____ (диагноз) (қолы)

3. Терапевтің қарауы _____

_____ (диагноз) (қолы)

4. Отоларингологтың қарауы Есту жітілігі _____

_____ (оң құлақ)

_____ (сол құлақ)

Барофункция _____ дәрежесі

_____ (диагноз) (қолы)

5. Невропатологтың қарауы _____

_____ (диагноз) (қолы)

6. Окулисттің қарауы Көру жітілігі

_____ (оң көз) (сол көз)

_____ (диагноз) (қолы)

7. Стоматологтың қарауы _____

_____ (диагноз) (қолы)

8. Дерматовенерологтың қарауы

_____ (диагноз) (қолы)

ЕСКЕРТПЕ:

Химиялық зерттеу	Ацетон Индикан Ө т пигменттері Эпителий жасушалары
------------------	--

Алғашқы және жыл сайынғы медициналық куәландыру кезінде қанды зертханалық зерттеулер деректері

Күні (күні, айы, жылы)	ЭШЖ	Мөлшері			Түсті көрсеткіш	Лейкоцит формуласы, %				
		Гемоглобин	Эритроциттер	Лейкоциттер		Жаңа түзілген	Таяқшалы-ядролы	Сегментті-ядролы	Лимфоциттер	Моноциттер

Электрокардиографиялық зерттеулер деректері

Күні (күні, айы, жылы)	Қорытынды
------------------------	-----------

Басқа зерттеулер

Күні (күні, айы, жылы)	Зерттеулер түрлері	Қорытынды
------------------------	--------------------	-----------

Медициналық куәландыру арасындағы аралықтарда денсаулық жағдайын медициналық қадағалау деректері (қараулар, тексерулер, медициналық көмекке жүгіну, еңбекке жарамсыздық парағына сәйкес ауруын тіркеу)

Жүгіну күні (қарау)	Қарау нәтижелері (диагноз)	Уақытша еңбекке жарамсыздық күндерінің саны	Нәтижесі
---------------------	----------------------------	---	----------

Сүңгуірлік жұмыстарды орындауға байланысты тән және тән емес аурулар

Сүңгуірлерді медициналық қамтамасыз ету журналы бойынша хаттаманың күні және нөмірі	Ауру жағдайлары мен себептері	Диагноз	Ауруды емдеу және нәтижесі	Қолы
---	-------------------------------	---------	----------------------------	------

Ауруын және жарақатын емдеу кезінде стационарда болуы

Күні	Диагноз			Нәтижелер	Қолы
Түсу	Шығу	Жіберген кезде	Емдеу мекемесінде белгіленген		

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларына 3-қосымша

Су астындағы жұмыс сағаттарының (түсулердің) жыл сайынғы нормалары

№ п/п	Біліктілігі	Басынан бастап түсіру сағаттарының саны сүңгуірлік практика		
1.		200-ден кем	200-500	500-ден астам
	Негізгі сүңгуірлік біліктілік			

2.	3 сыныпты сүңгуір	50	45	40
4.	2-сыныпты сүңгуір	35	30	25
5.	1-сыныпты сүңгуір	30	25	20
6.	1-сыныпты сүңгуір-шебер	25	20	15
9.	Қосымша сүңгуірлік біліктілік			
10.	Дәнекерлеуші сүңгуір	Жыл сайын металдарды дәнекерлеу және кесу бойынша су астында 10 сағат жұмыс істеу (декомпрессия уақытын есепке алмағанда)		
11.	Барокамера операторы	Тоқсанына кемінде екі жаттығу.		

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде сүңгуірлік
түсулерді ұйымдастыру және
қамтамасыз ету қағидаларына
4-қосымша
Нысан

СҮҢГУІРЛІК ЖҰМЫСТАР ЖУРНАЛЫ _____ _____ (корабль атауы немесе әскери бөлім №)

20 ____ ЖЫЛҒЫ _____ басталды

20 ____ ЖЫЛҒЫ _____ аяқталды

Түсу күні	Сүңгуірлердің тегі мен инициалдары	Бұйрық	Түсу орны	Тереңдігі, метр	Керек-жарак, аппарат немесе барокамера типі	Аппарат нөмірі	Баллондардағы қысым, килограмм күш/ шаршы сантиметр	Сүңгуір керек-жарағы немесе барокамеры жұмыс тексеруін жүргізуде сүңгуірдің қолы	Түсу алдында сүңгуірден сұрау (медициналық қарап-тексеру) нәтижелері	Түсудің басталуы, сағ./ минут	Түсудің аяқталуы, сағ./ мин	Жалпы түсу уақыты, сағ./мин	Ескерту
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.	10.	11.	12.	13.	14.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде сүңгуірлік
түсулерді ұйымдастыру және
қамтамасыз ету қағидаларына
5-қосымша

Сүңгуірлік түсулердің оқу-жаттығу деңгейі

P/c№	Атауы	
1.	<p>Сүңгуір керек-жарағының түрлері: Ашық схемалы тыныс алу аппараттары: қолдану бойынша шектеу жоқ Жартылай тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге рұқсат етілген сүңгуірлерді үйрету кезінде пайдалануға жол беріледі. Сүңгуірлерді бастапқы үйрету кезінде пайдалануға болмайды. Тыныс алудың жабық схемасы бар аппараттар: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге рұқсат етілген сүңгуірлерді үйрету кезінде пайдалануға жол беріледі. Сүңгуірлерді бастапқы үйрету кезінде пайдалануға болмайды.</p>	
2.	<p>Сүңгуір жабдығының түрлері: Дәнекерлеу, кесу аппараттары, гидравликалық құрал-саймандар мен басқа су асты механизмдері: "3 сыныпты сүңгуір" төмен емес біліктілігі бар сүңгуірлерге үйретуге жол беріледі. Суасты сүйреткіштер және басқа да суасты орын ауыстыру құралдары: бассейндерде және жабық акваторияларда сүңгуір біліктілігі бар сүңгуірлерді үйрету кезінде пайдалануға жол беріледі. Суасты жару жұмыстары: сүңгуір біліктілігі бар және кемінде 50 сағат су астында жұмыс атқарымы бар сүңгуірлерді үйретуге жол беріледі.</p>	
3.	<p>Газды тыныс алу қоспалары: Ауа: шектеу жоқ Сараланған оттегі-азот қоспалары: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлердің пайдалануына жол беріледі. Медициналық оттегі: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлерге жол беріледі.</p>	
4.	<p>Газдардың парциалды қысымы: Оттегі: 1,4 килограмм күш/шаршы сантиметрден артық емес Азот: 3,2 килограмм күш/шаршы сантиметрден артық емес</p>	
Физикалық факторлар		
5.	Су қоймасы	Бассейн немесе жабық акватория
6.	Ауа температурасы	5°C төмен емес
7.	Су температурасы	15°C төмен емес
8.	Судың мөлдірлігі	Кемінде 3 метр
9.	Су қоймасының ластануы	Таза су қоймасы
10.	Ағыс	1 метр/секундтан артық емес
11.	Тереңдік	20 метрден артық емес
Қамтамасыз ету құралдары		
12.	Болуы міндетті	<p>сигнал (сақтандыру) жібі бақылау бұйы түсу орнын жабдықтау (сүңгуір трапы) сүңгуір барокамерасы (ауырғаннан бастап 1 сағат ішінде емдік рекомпрессияны бастау)</p>
		жүру және түсу жібі

13.	Үйрету түріне байланысты	сүңгуір күркесі қайық
Штат		
14.	Түсулер жетекшісі (түсу командирі)	2-сыныпты сүңгуір және одан жоғары
15.	Қамтамасыз етуші сүңгуірлер	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар сүңгуір. Қамтамасыз етуші сүңгуірлер санын сүңгуірлік түсулер түріне және күрделілігіне байланысты түсу жетекшісі айқындайды.
16.	Сақтандырушы сүңгуір	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар, анағұрлым тәжірибелі сүңгуірлерден тағайындалады. Сақтандырушы сүңгуірлер санын және олардың түсуге әзірлік дәрежесін сүңгуірлік түсулер түріне және күрделілігіне байланысты түсу жетекшісі айқындайды.
17.	Түсетін сүңгуір	Сүңгуірлік түсулерге денсаулық жағдайы бойынша жарамды.
18.	Медициналық қамтамасыз ету	"Сүңгуірлік медицина" курсы бойынша оқытудан өткен штаттық дәрігер (белгіленген тәртіппен СБК-мен жіберілген)

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларына
6-қосымша

Сүңгуірлік түсулерге жаттықтыру деңгейі

Р/с №	Атауы
11.	Сүңгуір керек-жарағының түрлері: Ашық схемалы тыныс алу аппараттары: қолдану бойынша шектеу жоқ Жартылай тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: осы керек-жарақта жұмыс істеуге рұқсаты бар болған кезде пайдалануға жол беріледі. Тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: осы керек-жарақта жұмыс істеуге рұқсаты бар болған кезде пайдалануға жол беріледі
2.	Сүңгуір жабдығының түрлері: Дәнекерлеу, кесу аппараттары, гидравликалық құрал-саймандар мен басқа су асты механизмдері: "3 сыныпты сүңгуір" төмен емес біліктілігі бар сүңгуірлердің пайдалануына және осы жұмыс түрлеріне жіберуге жол беріледі. Суасты сүйреткіштер және басқа да суасты орын ауыстыру құралдары: осы құралдармен жұмыс істеуге рұқсаты бар сүңгуірлерге пайдалануға жол беріледі. Суасты жару жұмыстары: арнайы даярлықтан өткен және суасты жару жұмыстарына рұқсаты бар сүңгуірлерге жол беріледі.

3.	Газды тыныс алу қоспалары: Ауа: шектеу жоқ Сараланған оттегі-азот қоспалары: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлердің пайдалануына жол беріледі. Медициналық оттегі: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлерге жол беріледі.	
4.	Газдардың парциалды қысымы: Оттегі: 1,7 килограмм күш/шаршы сантиметр артық емес Азот: 3,2 килограмм күш/шаршы сантиметр артық емес	
Физикалық факторлар		
5.	Су қоймасы	Кез келген акватория
6.	Ауа температурасы	-10°C төмен емес
7.	Су температурасы	5°C төмен емес
8.	Судың мөлдірлігі	Кемінде 0,5 метр
9.	Су қоймасының ластануы	Таза су қоймасы
10.	Ағыс	2 метр/секундтан артық емес
11.	Тереңдік	60 метрден артық емес
Қамтамасыз ету құралдары		
12.	Болуы міндетті	сигнал (сақтандыру) жібі бақылау бұйы түсу орнын жабдықтау (сүңгуір трапы) сүңгуір барокамерасы (ауырғаннан бастап 1 сағат ішінде емдік рекомпрессияны бастау)
13.	Жаттықтыру түріне байланысты	жүру және түсу жібі сүңгуір күркесі қайық
Штат		
14.	Түсулер жетекшісі (түсу командирі)	3 сыныпты сүңгуір және одан жоғары
15.	Қамтамасыз етуші сүңгуірлер	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар сүңгуір. Қамтамасыз етуші сүңгуірлер санын сүңгуірлік түсулер түріне және күрделілігіне байланысты түсу жетекшісі айқындайды.
16.	Сақтандырушы сүңгуір	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар анағұрлым тәжірибелі сүңгуірлерден тағайындалады. Сақтандырушы сүңгуірлер санын және олардың түсуге әзірлік дәрежесін сүңгуірлік түсулер түріне және күрделілігіне байланысты түсу жетекшісі айқындайды.

17.	Түсетін сүңгуір	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар сүңгуір
18.	Медициналық қамтамасыз ету	"Сүңгуірлік медицина" курсы бойынша оқытудан өткен штаттық дәрігер (белгіленген тәртіппен СБК-мен жіберілген), сүңгуірлік түсулерді дербес медициналық қамтамасыз етуге рұқсаты бар 2-сыныпты сүңгуір және одан жоғары

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларына 7-қосымша

Сүңгуірлік түсулердің жұмыс деңгейі

Р/с№	Атауы
11.	Сүңгуір керек-жарағының түрлері: Ашық схемалы тыныс алу аппараттары: пайдалану бойынша шектеу жоқ. Жартылай тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: осы керек-жарақта жұмыс істеуге рұқсаты бар болған кезде пайдалануға жол беріледі. Тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: осы керек-жарақта жұмыс істеуге рұқсаты бар болған кезде пайдалануға жол беріледі.
2.	Сүңгуір жабдығының түрлері: Дәнекерлеу, кесу аппараттары, гидравликалық құрал-саймандар және басқа суасты механизмдері: "3 сыныпты сүңгуір" төмен емес біліктілігі бар және осы жұмыс түріне рұқсаты бар сүңгуірлерді пайдалануға жол беріледі. Суасты сүйреткіштері және басқа суасты орын ауыстыру құралдары: осы құралдармен жұмыс істеуге рұқсаты бар сүңгуірлерді пайдалануға жол беріледі. Суасты жару жұмыстары: арнайы даярлықтан өткен және суасты жару (копару) жұмыстарына рұқсаты бар сүңгуірлер жіберіледі.
3.	Газды тыныс алу қоспалары Ауа: шектеу жоқ. Сараланған оттегі-азот қоспалары: қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлерді пайдалануға жол беріледі. Медициналық оттегі: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлерді пайдалануға жол беріледі.
4.	Газдардың парциалды қысымы: Оттегі: 1,7 килограмм күш/шаршы сантиметрден артық емес Азот: 5,6 килограмм күш/шаршы сантиметрден артық емес
Физикалық факторлар	
5.	Суқойма
	Кез келген акватория

6.	Ауа температурасы	Сүңгуір керек-жарағының техникалық сипаттамасымен шектелген
7.	Су температурасы	Сүңгуір керек-жарағының техникалық сипаттамасымен шектелген
8.	Судың мөлдірлігі	Шектеу жоқ
9.	Су қоймасының ластануы	Сүңгуір керек-жарағының техникалық сипаттамасымен шектелген
10.	Ағыс	2 метр/секундтан артық емес
11.	Тереңдік	60 метрден артық емес
Қамтамасыз ету құралдары		
12.	Болуы міндетті	сигнал жібі немесе байланыс құралдары түсу орнын жабдықтау (сүңгуір трапы) сүңгуір барокамерасы (ауырғаннан бастап 1 сағат ішінде емдік рекомпрессияны бастау)
13.	Үйрету түріне байланысты	жүру және түсу жібі сүңгуір күркесі қайық
Штат		
14.	Түсулер жетекшісі (түсу командирі)	2-сыныпты сүңгуір және одан жоғары 40 м тереңдікке дейін 1-сыныпты сүңгуір және жоғары 60 м тереңдікке дейін
15.	Қамтамасыз етуші сүңгуірлер	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар сүңгуір. Қамтамасыз етуші сүңгуірлер санын сүңгуірлік түсулер түріне және күрделілігіне байланысты түсу жетекшісі айқындайды.
16.	Сақтандырушы сүңгуір	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар анағұрлым тәжірибелі сүңгуірлерден тағайындалады. Сақтандырушы сүңгуірлер санын және олардың түсуге әзірлік дәрежесін сүңгуірлік түсулер түріне және күрделілігіне байланысты түсу жетекшісі айқындайды.
17.	Түсетін сүңгуір	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар сүңгуір
		"Сүңгуірлік медицина" курсы бойынша оқытудан өткен штаттық дәрігер (белгіленген тәртіппен СБК-мен жіберілген), сүңгуірлік

18.	Медициналық қамтамасыз ету	түсулерді дербес медициналық қамтамасыз етуге рұқсаты бар 2-сыныпты сүңгуір және одан жоғары
-----	----------------------------	--

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларына 8-қосымша

Сүңгуірлік түсулердің оқу-жаттығу жауынгерлік деңгейі

Р/с№	Атауы	
1.	<p>Сүңгуір керек-жарағының түрлері: Ашық схемалы тыныс алу аппараттары: қолдану бойынша шектеу жоқ Жартылай тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: осы керек-жарақта жұмыс істеуге рұқсаты бар болған кезде пайдалануға жол беріледі. Тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: осы керек-жарақта жұмыс істеуге рұқсаты бар болған кезде пайдалануға жол беріледі.</p>	
2.	<p>Сүңгуір жабдығының түрлері: Дәнекерлеу, кесу аппараттары, гидравликалық құрал-саймандар және басқа да суасты механизмдері: "3 сыныпты сүңгуір" төмен емес біліктілігі бар және осы жұмыс түріне рұқсаты бар сүңгуірлердің пайдалануына жол беріледі. Суасты сүйреткіштері және басқа суасты орын ауыстыру құралдары: осы құралдармен жұмыс істеуге рұқсаты бар сүңгуірлердің пайдалануына жол беріледі. Суасты жару жұмыстары: арнайы даярлықтан өткен және суасты жару (копару) жұмыстарына рұқсаты бар сүңгуірлерге жол беріледі.</p>	
3.	<p>Газды тыныс алу қоспалары: Ауа: шектеу жоқ Сараланған оттегі-азот қоспалары: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлерге пайдалануға жол беріледі. Медициналық оттегі: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлерге жол беріледі.</p>	
4.	<p>Газдардың парциалды қысымы: Оттегі: 1,7 килограмм күш/шаршы сантиметрден артық емес Азот: 5,6 килограмм күш/шаршы сантиметрден артық емес</p>	
Физикалық факторлар		
5.	Су қоймасы	Кез келген акватория
6.	Ауа температурасы	Сүңгуірлік керек-жарақтың техникалық сипаттамасы шектелген
7.	Су температурасы	Сүңгуірлік керек-жарақтың техникалық сипаттамасы шектелген
8.	Судың мөлдірлігі	Шектеу жоқ

9.	Су қоймасының ластануы	Сүңгуірлік керек-жарактың техникалық сипаттамасы шектелген
10	Ағыс	Секундына 2 метрден артық емес
11.	Тереңдік	60 метрден артық емес
Қамтамасыз ету құралдары		
12.	Болуы міндетті	сүңгуір барокамерасы (ауырғаннан бастап 1 сағат ішінде емдік рекомпрессияны бастау)
Штат		
13.	Түсулер жетекшісі (түсу командирі)	2-сыныпты сүңгуір және одан жоғары 40 м тереңдікке дейін 1-сыныпты сүңгуір және жоғары 60 м тереңдікке дейін
14.	Қамтамасыз етуші сүңгуірлер	Міндетті емес (міндетке байланысты)
15.	Сақтандырушы сүңгуір	Міндетті емес (міндетке байланысты)
16.	Түсетін сүңгуір	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар сүңгуір
17.	Медициналық қамтамасыз ету	"Сүңгуірлік медицина" курсы бойынша оқытудан өткен штаттық дәрігер (белгіленген тәртіппен СБК-мен жіберілген), сүңгуірлік түсулерді дербес медициналық қамтамасыз етуге рұқсаты бар 6-шы және одан жоғары разрядты сүңгуір

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сүңгуірлік түсулерді ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларына 9-қосымша

Сүңгуірлік түсулердің жауынгерлік деңгейі

Р/с№	Атауы
1.	Сүңгуір керек-жарағының түрлері: Ашық схемалы тыныс алу аппараттары: қолдану бойынша шектеу жоқ Жартылай тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: осы керек-жарақта жұмыс істеуге рұқсаты бар болған кезде пайдалануға жол беріледі. Тұйық схемалы тыныс алу аппараттары: осы керек-жарақта жұмыс істеуге рұқсаты бар болған кезде пайдалануға жол беріледі.
	Сүңгуір жабдығының түрлері: Дәнекерлеу, кесу аппараттары, гидравликалық құрал-саймандар және басқа да суасты механизмдері: "3 сыныпты сүңгуір" төмен емес біліктілігі бар және осы жұмыс түріне рұқсаты бар сүңгуірлердің пайдалануына жол беріледі.

2.	Суасты сүйреткіштері және басқа суасты орын ауыстыру құралдары: осы құралдармен жұмыс істеуге рұқсаты бар сүңгуірлердің пайдалануына жол беріледі. Суасты жару жұмыстары: арнайы даярлықтан өткен және суасты жару (копару) жұмыстарына рұқсаты бар сүңгуірлерге жол беріледі.	
3.	Газды тыныс алу қоспалары: Ауа: шектеу жоқ Сараланған оттегі-азот қоспалары: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлерге пайдалануға жол беріледі. Медициналық оттегі: сүңгуір біліктілігі бар және медициналық оттегімен жұмыс істеуге жіберілген сүңгуірлерге жол беріледі.	
4.	Газдардың парциалды қысымы: Оттегі: 2,5 килограмм күш/шаршы сантиметрден артық емес Азот: 5,6 килограмм күш/шаршы сантиметрден артық емес	
Физикалық факторлар		
5.	Су қоймасы	Кез келген акватория
6.	Ауа температурасы	Сүңгуір керек-жарағының техникалық сипаттамасы шектелген
7.	Су температурасы	Сүңгуір керек-жарағының техникалық сипаттамасы шектелген
8.	Судың мөлдірлігі	Шектеу жоқ
9.	Су қоймасының ластануы	Шектеу жоқ
10.	Ағыс	Шектеу жоқ
11.	Тереңдік	60 метрден артық емес
Қамтамасыз ету құралдары		
12.	Болуы міндетті	Міндетпен айқындалады
Штат		
13.	Түсулер жетекшісі (түсу командирі)	3 сыныпты сүңгуір және одан жоғары
14.	Қамтамасыз етуші сүңгуірлер	Міндетті емес (міндетке байланысты)
15.	Сақтандырушы сүңгуір	Міндетті емес (міндетке байланысты)
16.	Түсетін сүңгуір	Қолданыстағы сүңгуір біліктілігі бар сүңгуір
17.	Медициналық қамтамасыз ету	Дербес жүргізіледі (міндетке байланысты)

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде сүңгуірлік
түсулерді ұйымдастыру және
қамтамасыз ету қағидаларына
10-қосымша
Нысан

Негіздеме (бұйрықты кім шығарды, күні және нөмірі)			
Өткізу күні			
Өткізу орны			
Ауа температурасы			
Судың температурасы			
Судың мөлдірлігі			
Теңіздің толқуы/ағысы			
Қауіпсіздік деңгейі			
	1-сүңгуір	2-сүңгуір	3-сүңгуір
Әскери атағы			
Аты-жөні, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда)			
Гидрокостюм			
Сүңгуір керек-жарағы, баллон нөмірі			
Баллондағы қысым			
Түсу тереңдігі			
Су астында болу уақытын өлшеу			
Басталу уақыты			
Аяқталу уақыты			
Су астында нақты болу уақыты			
Жұмыс тексеруін жүргізді (ТАӨ, колы)			
Сүңгуірлік жұмыстар жетекшісі			
Түсу жетекшісі			
Қамтамасыз етуші сүңгуір			
Сақтандырушы сүңгуір және оның дайын болу уақыты			
Медициналық қамтамасыз ету			
Кезекші барокамера және оның орналасқан жері			
Барокамера операторы			
Түсу мақсаты			
Түсудің қысқаша сипаттамасы			

Сүңгуір керек-жарағы мен жабдығының негізгі құрамдастарына типтік техникалық қызмет көрсету

P/с№	Жұмыстар, техникалық қызмет көрсету іс-шаралары атауы	Әрбір пайдаланғаннан кейін	1 жылда 1 рет	2 жылда 1 рет	5 жылда 1 рет	Ескертпе
Сүңгуір баллондары						
1.	Тұщы сумен тазалау және шаю, кептіру	+				
2.	Ішін қарап-тексеру және таттан тазалау		+			
3.	Гидравликалық сынаулар				+	
Бәсеңдеткіштер						
4.	Тұщы сумен тазалау және шаю, кептіру	+				
5.	Белгіленген қысымды тексеру		+			
6.	Толық сервистік қызмет көрсету			+		Пайдалану құжаттамасына сәйкес
Жүзуде теңестіру кеудешесі						
7.	Тұщы сумен тазалау және шаю, кептіру	+				
8.	Толық бөлшектеу және дезинфекциялау		+			
9.	Төсемелерді, қақпақтарды, инфляторды ауыстыру				+	Пайдалану құжаттамасына сәйкес
Тыныс алу автоматы						

10.	Тұщы сумен тазалау және шаю, кептіру	+				
11.	Мембраналарды, нығыздағыштарды, механизмдерді бөлшектеу, тексеру		+			
12.	Толық сервистік қызмет көрсету			+		
Құрғақ типтегі гидрокостюм						
13.	Тұщы сумен тазалау және шаю, кептіру	+				
14.	Қақпақтарды бөлшектеу, тексеру, герметикалығын тексеру		+			
15.	Толық сервистік қызмет көрсету				+	

Ескертпе:

1) кестеде сүңгуір техникасының компоненттері болмаған кезде техникалық қызмет көрсету пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес жүзеге асырылады;

2) кестедегі және пайдалану жөніндегі нұсқаудағы деректер алшақтығы кезінде техникалық қызмет көрсету құжаттың талаптарына сәйкес аз уақыт аралығында жүзеге асырылады.